

5. Әдебиеттану терминдер сөздігі. Құрастырушылар – Ахметов З. Шаңбаев Т. – Алматы: Ана тілі, 1996 – 240 б.

6. Құнанбаев А. Шығармалары. I-томдық толық жинағы. – Алматы: 1961. – 659 б.

7. Қожақеев Т. Адам, Қоғам, Сатира. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 176 б.

\*\*\*

В статье рассматриваются лирические произведения Толеуа Кобдикова и дается описание жанровым особенностям его творчества.

\*\*\*

The article observes the lyrical product of Toleua Kobdikova and give the description genre features his creativity.

*М. Тулекова*

## А.НУРМАНОВТЫҢ «ҚҰЛАННЫҢ АЖАЛЫ» РОМАНЫНА ТАЛДАУ

«Құланның ажалы» үлкен символикалық атау. Жапанда жортқан жалғызбатыр, соның үнсіз тұншыққан қуаныш-мұны, меніреу сары дала, үміт пен күдік арпалысы – романға желі боп тартылған лейтмотив әуендері осы. Адамның жеке басының қасиеті қай уақытта артады, ерлік, қаһармандық сыры неде, бауырмалдық пен жат жұрт дұшпандықтың түп төркіні қайда жатыр, осыған да Ақан бірсыдығы байсалды жауап береді. Романда оқиға аз, тіпті жоқ деуге болады. Кешегі он алтыншы жылдың дүрмегіне қатысқан, өзі оны ұйымдастырушылардың бірі Құллан атты мерген бүгінде әлеумет ісінен, халық мақсатынан қол үзіп, жапан түзде жалғыз қалған. Албырт, көңіл, ақ жүрек батырды оқымаған қараңғылық зардабы бір жеңсе, жаңа өмірдің қуатты ағысының екпінді екінші жеңіліске ұшыратады. Құллан өр еді, нар еді, құралайды көзге атқан мерген еді, бірақ мақсат кемдігінен туған принципсіздік оны жарға жықпай қоймады. Кітапта сардар деп қана аталатын, шын мәнінде Аманкелдімен үзеңгілес болған Құллан күрес мәнін мүлде тар көлемде ұғынып, өз жеңісін тек бас пайдасының қамы деп ойлаудан аса алмайды. Сондықтан ол аз ғана үй Текесін бөліп әкетіп, солардың алдына мал салып, он-он бес үйдің таңдайы аққа тигенін дәтке қуат көреді. Ол ол ма, бір кезде келіншегі Алтыншаш та атағы дабырайып тұрған кезінде алақанға айламен қондырған құс секілді зорлық пендесі еді. Осының бәрі халық қаһарманы болған қасиетті жанның үлкен атын кішірейтіп, алдағы күнге апарар жолын тым тарылтып жіберген еді.

Ер басына іс түссе, халық араша тұрады. Бірақ ол үміт пен күдік араласқан жерге арашашы бола алмайды. Қашанда екіншісі бірі. Өз ісінен әлдебір кемдік сезінетін Құланды күдік молдау. Өкініші көп. Сардардан бөлек кеткеніне, оны тыңдамай қойғанына өкінеді. Сан рет

соны ойланып, бармағын тістейді. Ал бұны қолдай қоятын ешкім жоқ сияқты. Құланның сергек көңілі осыған шерленеді.

Енді, міне, Құллан жалғыз, құдай жалғыз. Қалың қолдан қайтпаған жүрегі үп еткен өсектен шошынып, сайын даладан сая таппаған қашқын біреуге айналды. Табан тірер таянышы халық еді, содан өзі безініп, қасына тексіз бір қашқынды жолдас етеді. Онысы – Ефим Кутский, патшаның жазалаушы отрядына жүзбасы болған, кеше ғана өзімен кескілесіп соғысқан адам. Құллан оның кім екенінен бейхабар, сондықтан өз қойнына өзі жылан салғанмен тең болды. Ендігі қалған жау осы Кутский, анау жымсықы бай Шарбақбай секілді, қойынға кіріп жылан болып шағарлық қана қауқары қалған өңшең сілімтік еді. Құллан сол сілімитіктердің бірін ақылшы, бірін жолдас, Көктөбет сияқты енді бірін пана етемін деп, өзін-өзі шақтырды. Анау жүрген Майлық, ұры Майлық Құлланға бір табан жақын. Адамгершілігімен жақын. Құланның құлдырап бара жатқанын сезіп, ең ғұрмады осындай болса екен, жаны қалса екен деп тілек еткендейсің. Құллан жүрегіндегі қайсар намыс оқушыға түсінікті, ол қанаты талса да жерге қонбай қойған тәкаппар қыран тәрізді, шырқаған сайын жер-анадан, қасиетті Отан топырағынан ұзай береді. Құланның ажалы – Антейдің ажалы, сондықтан оның адамгершілігін емес, амалсыздығын жазғырасың. Ұлы Октябрь күні тумаса, бүкіл халықтың тағдыры сол еді, сол сияқты босу, тозу еді. Тағылық қалып еді. Даланың тағысына жақсылық еткің кеп қолыңды созсаң да, жуыр ма, сенер ме сірә да! Табиғат сүтін арда емгісі келген Құллан қасіреті осында. Табиғат сүтін арда ем, бірақ тағы болма. Күдікті жолдас өткенше үмітті арқау ет. Өткеніңнен қорықсаң болашаққа сен. Етіңнен ет кесіп алса да ерлігің соған жетсін. Жазушы ұсынған мінсіз моральдың бір бұтағы осылай жапырақ жаяды.

Иә, Ақан өз дүниесінде жаралған өзгеше пәлсәпә ұқтырады. Құлтан тарихта болсын-болмасын, әңгіме онда емес, Құлтан – жазушы ойының концепциясы, Құлтан – жазушы идеясының мазмұнға, сюжетке айналуы. Ендеше болған оқиғаны жазу шарт емес, болған оқиғаны идеяға, негізгі айтар ойға бағындыру шарт. Ақан бұл міндетін мүлтіксіз орындап шыққан. Кітаптың басынан аяғына дейін сарын, бір желі айнымай жүріп отырады. Бөлек-салақ араласпайды. Артық теңеу, орынсыз суреттеулер, білгішсіну мұның бәрі кітап бойына жат. Ақанның бұдан бұрынғы «Күн ертеңге ауып барады», «Аққу шоғыры» атты кітаптарына да осы қасиет барынша тән еді. Тазалық тағамның да, талғамның да сақшысы, ол шығармаға әсіресе қажет. Өкінішке қарай, жақсы деп жүрген көп кесек туындылардың ортақ міні – шөп-шалам, қыл-қыбырының молдығында. Ақан творчествосы ең алдымен осындай айшықты ерекшелігімен жарқырайды. Оның бүкіл өмірі, адамгершілік тұлғасы, білім-парасаты, мінез байлығы-бар биік қасиеті осындай таза, даусыз еді. Оның алдында артық сөйлеу, жарқылдап кету - әбестік болатын. Соның бәрін ол үндемей тыятын. Үндемей отырып өз сөзінді өзіне тыңдататын. Сұм ажал осыншалық жұлдыз дарынды әдеби аспанымыздан мезгілсіз қағып түсірді.

«...Оның әр туындысының астарынан қорлық пен қорлаудың ызы теуіп, рухани тепкіден болған жан жарасынан домбығып, ашынған көкіректің ашы запыраны мен боздай алмай буынып жылаған шермендінің қанды көз жасы сорғалап тұрды...

...Кейкі тағдыры Ақанның көкрегінде сайрап тұр. Бірақ оған заман деген зауалдан рұқсат жоқ. Одан соң деректі дүние емес, Ақанға қымбаты образ. Ақанға керегі Құланды, совет өкіметінің қудалауы емес, қудаланған Құланның ағайыннан пана таппай, керексіз болып айдалада қалғаны. Кіндік кескен жерде кірерге тесік жоқ. Осыдан кейін Құлтан болып ойланып, Құлтан болып күйзеліп, Құлтан болып қиналып көр. Жалпы, тарихтағы Құлтан Қыпшақтың тағдыры трагедияға толы.

...Құлтаннан батыр да, ақында шыққан. Соның бірі Құлтан Қыпшақ, Ақсақ батыр. Архивариус, тарихтан мол білімі бар, әрі жазушы Амантай Сатаевтың айтуынша, батыр қиянаттан көз аспаған. Кейін қол бастаған Ер Кейік сол Ақсақтың ұрпақтары.

...Торғайдан қанат қағып, Алатауға келіп қонақтаған Қаз Қыпшақтың ұрпағы Ақан тұрды...

Ақанның әкесі Шайдахмет Батпаққара өңірінде Алаш қозғалысына қатысқан, әрі Амангелді Имановтың сарбазы болған. Нұрман әулиетінің аға буынында Октябрьдің сойылы тимеген еркек кіндікті жоқ десе болғандай.

...Кейінгі ұрпағы көзге қойдан қоңыр, көмескі, өз мұңын өзі жұтып, тұйық тірлік кешті. Сонда да тек жүріп, тоқ жүрген жоқ. Өткеннің қасіретімен қыжылын ішке сыйғыза білу де үлкен ерлік, ішіне сыймағанын Ақан қағазға төкті. Қысылып отырып, буынып отырып төкті. Уақыт деген шіркін қаламға да еркіндік берген жоқ. Соған қарамастан, өкімет қазақтың тарихынан атын өшіріп тастаған аяулы азаматтардың бейнесін көркем әдебиетке қайта жаңғыртқан алғашқы қаламгердің бірі Ақан болды...

...Тың дейтұғын дақпырттың ортасында отырса да, Ақан ол туралы бір ауыз жылы сөз айтқан жоқ. Ақан тың әкелген қасіретті жазды. Қасіретке қаламнан басқа жұмсар оның қаруы жоқ еді. Хрущевқа бірінші қол көтерген адам Ақан болатын.

Иә, Ақан өз дүниесінде жаралған өзгеше пәлсапа ұқтырды. Құлтан тарихта болсын-болмасын, әңгіме онда емес. Құлтан – жазушы ойының концепциясы, Құлтан – жазушы идеясының мазмұнға, сюжетке айналуы. Ендеше, болған оқиғаны жазу шарт емес, болған оқиғаны идеяға, негізгі айтар оға бағындыру шарт.

Ақан бұл міндетін мүлтіксіз орындап шыққан. Кітаптың басынан аяғына дейін бір сарын, бір желі айнымай жүріп отырады. Бөлек-салақ араласпайды. Артық теңеу, орынсыз суреттеулер, білгішсіну мұның бәрі кітап бойына жат. Ақанның «Күн ертеңге ауып барады», «Аққу шоғыры» атты кітаптарында да осы қасиет барынша тән еді. Ақан творчествосы ең алдымен осындай айшықты ерекшелігімен жарқырайды. Өкінішке қарай, жақсы деп жүрген көп кесек туындылардың ортақ міні – шөп-шалам, қыл-қыбырының молдығында...

Ақан творчествосы ең алдымен осындай айшықты ерекшелігімен жарқырайды. Оның бүкіл өмірі, адамгершілік тұлғасы, білім-парасаты, мінез байлығы-бар биік қасиеті осындай таза, даусыз еді. Оның алдында артық сөйлеу, жарқылдап кету - әбестік болатын. Үндемей отырып өз сөзінді өзіне тыңдататын.

...Тұңғыш тырнақалды туындысын прозадан бастап, жанр биігі романға дейін өскен Ақан Нұрманов алдымен, ақын еді... Оның шығармаларының аттарына дейін: «Аққу шоғыры», «Құланның ажалы», «Күн ертеңге ауып барады» - кілең поэтикалық концепциядан туған аттар.

...Жалпы Ақан творчествосына тән бір ерекшелік - әрбір характерден, үлкен-кішілігі сөз емес, кейіпкерлердің психологиясын шығару, оның ішкі әлпетін жасау. Ақан ешқашан нақтылы портрет жасауға, әлденені тәптіштеп суреттеуге тырысқан адам емес. Ол суреттемейді, көрсетпейді. Әсіресе ішін қазып көрсетеді. Сондықтан да оның кейіпкерлеріне іштен қазылып сөйлеу, әдеби тілмен айтқанда ішкі монолог көбірек жарасып тұрады...» - дейді жан досы Р.Тоқтаров.

Шығармашылығының негізгі мотиві мынада:

Ақанның тамырына қай балтаның жүзі тигені белгісіз, бірақ арамызда жүріп-ақ ол шіркін жалғыздық тауқыметін көп тартты.

...Ішқұста халге келіп, рухани титықтаған сәтте бала жігіт қараңғы түнге шығып аспан шетінде жылтыраған Аққу жұлдыздарының шоғырына телміреді. Сыбырлап қасіретін айтады.

...Ол өзін түпсіз аспаннан көрді, көп жұлдыздардың арасынан қалықтап жүр екен, мойнын созып жіберіп, батысқа қарай самғап бара жатқан Аққу шоғырына әне жетем, міне жетем деп үміттеніп келеді, бірақ тізесін ашытқан суық жел шыдамын тауыса береді де, бірдемемен қымтап қояйын десе, мұршасы жоқ, құлап кетем бе деп қорқады...»

Жалғыздық мүжіп, құлазыған автор жанын оқырман осы сөйлемдерден таныса керек.

«...Еліне де, жеріне де сыймаған, сияр еді-ау, жаңа үкіметпен сиыса алмаған асау Кейкі батыр Сары арқадан «саяқ құрлы сая таппай» жүр. Тағы да жалғыздық.

...Қалай болған күнде де, жан-дүниесін жалғыздық мүжіген автор ғана сондай кейіпкердің образын сүйсіне жасамақ... – дейді мақаласында Ә.Трази.

...Алтай сапарынан алған әсерден «Әкенді көрген өлмесін» деген повесть жазды. Қостанайдың облыстық газетінің бірнеше санында тұтас жарияланып еді, тұңғыш тумасына көңілі толмады ма, бірде-бір жинағына қоспады. Мақтай алмадым. Алтай көзге көрікті болғанымен, көмбе астында жатқан қасіреті Алтайдың өзінен биік еді, Ақан сол әдіптің астына бара алмады ма, адамдарының табиғаты бұл өңірдің тіршілігінен бөтен, шындыққа жанасымы болғанмен, көркемдік шырайы көмескі болып шықты-ау деймін. Қолжазбасы Кәкімбек Нұржановта ма, інісі Маратта ма, ізінен адасып қалдым. Қалайда, Ақанға алғаш қалам ұстатқан Алтай болатын».

А.Нұрмановтың жазу тәсілі өте ерекше.

Себебі ол шығармаларын орыс тілінде жазып, мағыналық-мазмұндық жағынан зерттеп, талдап, өңдегеннен кейін ғана, екінші тілге аударады.

«Аққу шоғыры», «Ор» шығармалары алғашқы туындылары. Оларды әуелі орысша сұлбасын түсіріп, артынан қазақша қайта жазу ақынның жұмыс стиліне айналды. Әуелгісін алғашқы нұсқасы ретінде пайдаланатын.

- Орысша жазғаның не?

- Жинақы болсын деп. Алдымен орысша жазып, артынан соған еріп отырып, қазақшаға қайта жазбасам, жайылып кете беремін.

...Жинақылық дегені бер жағы. Оның күмілжігенін сездім. «Аққу шоғырының» қазақ тілінде жарық көретініне сенбеген. «Аққу шоғырын» да, «Орды» да мен қазақшалап шықтым. Ол орыс тіліндегі дүниелерін көре алмай кетті. Білмей қап, мен де өкіндім.

Ақан мен Илья Шуховтың орысшасын салыстырып қарасам, айырмасы жер мен көктей. Бірі көркем тіл, бірі кеңсе тілі.

Ақан көмейінің мұң сазы мен жүрек шымшып отыратын лирикасы түгелімен түсіп қалған, астар үтіктелген, ой шолақ, кейіпкерлері тым дөрекі, іші қоңылтақ, қотармашы «қойшының тұрқы осындай болса керек» деп автордың табиғи интеллектісін кейіпкеріне қимаған сияқты. Қашан да сауатты орысша – көркем орысша емес.

...Құс жастықты көкірегіне қапсырып алып, Ақан етпеттен жатып, орысшасын оқуға кірісті. Кеңседе болмаса, жазу столына отырған емес. Еденде етпеттеп жатып жазатын қашаннан әдеті. Езуінде темекі, банкіге күл салып қасына қояды да, шырты түкіріп, сағат бойы тапжылмай, не бір ойдың, не бір эпизодтың аяғына жеткенше, үстінен арба жүріп өтсе де, айналып қарамайды.

«Қалтасында қатпар-қатпар қағаз жүр екен, ол қолжазбасын өзімен бірге ала жүретін әдеті бар еді, реті келсе, қай жерде отырмасын, бір нәрсені сүйкей салатұғын».

1. Трази Ә. Мінез бен талант: Жазушы А.Нұрмановтың туғанына 50 жыл. Лениншіл жас, 1983, 6 май.

2. Тоқтаров Р. Қарымды қаламгер. (Жазушы А.Нұрмановтың туғанына 50 жыл) «Қазақ әдебиеті», 1983 жыл, 6 май, 10б.

3. Нұржанұлы К. Сөнбейтін шырақ, «Халық кеңсесі» 1993, 3 шілде.

\*\*\*

В статье автор анализирует образы в романе «Құланның ажалы» и дает понятие названию.

\*\*\*

The author analyzes the images in the novel "Құланның ажалы" and gives the concept its name.